

2021-2022 оқу жылында Тәрбие жұмысының талдауы.

Оқу жылының басында 2021-2022 оқу жылында атқарған жұмыстарға талдау арқылы 2022-2023 оқу жылына міндеттер айқындалды, ұйымдастыру шаралар іске асты: сынып жетекшілер тағайындалды, оқушылардың және ата-аналардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жиналды, тәрбие жоспарының бағыттары белгіленді, сынып бөлмелері бекітіліп, оқу ауысымдары белгіленді.

Сонымен қатар тәрбие шараларға бақылау-басшылық жасау іске асты. Оның ішінде сынып жетекшілердің тәрбие жоспарлары тексерілді, бекітірілді, оқушылардың киім-киісіне, күн режиміне біріңғай талаптар қойылды. Сынып арасындағы рейтинг жүргізудің реттілігі мен мақсаттылығы және тоқсан сайынғы тәрбие жұмыстар бойынша есебі мен педагогикалық кеңесте талқыланатын мәселелер қамтылды.

Мектеп және сынып жетекшілердің тәрбие жұмыстары төмендегі бағыттарды қамтыды:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Рухани - танымдық тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасылық тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Сонымен қатар жол қауіпсіздік ережелерін насихаттау, балалар жарақатын болдырмаудың алдын алу шаралары, өрт қауіпсіздігіне арналған шаралар, ҚР мемлекеттік нышандарын насихаттау және қолдану бағдарламасы бойынша іс-шаралар, діни экстремистік көзқарасқа қарсы жүргізілетін іс-шаралар кенінен жоспарланды.

Жыл басында даталы мерекелік апталықтар сынып жетекшілерге бөлінді. Оның мақсаты: жұмысты жүйелеу, жауапкершілікті нығайту, әдістемелік материалдарды жинақтау.

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Патриот пен азаматтың Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, мемлекеттің және қоғамның заңдарын ұғыну мен сақтау, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұру, баланың және жасөспірім ортасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын ұлтжанды азамат қалыптастыру.

Аудандық білім бөлімінен келген қатынастар, бұйрықтармен жұмыс жүргізілді. Мектепте құқықтық тәртіп бұзушылық, іс-шараларының алдын алу жоспарын құрылды. Оқушыларды Отан алдындағы азаматтық міндетін абыроймен орындауға бағыттайтын тәрбиелік шаралар өткізілді, (патриоттық әндер байқауы, әскери патриоттық ойындар т.б.) Түнгі кезекшілік жұмыстарын қадағалап отыру, күнделікті кезекшілік журналын толтыру жүзеге асып отырылды.

«Қауіпсіз білім ордасы» республикалық онкүндіктің негізінде ата-аналар мен оқушылар түсіндірме жұмыстары, оқушылармен сынып сағаттары жүргізілді.

Қыркүйек айында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Сүндетбаева «Жасөспірім және заң» тақырыбында кездесу, қазан айында мектеп психологы А.Касимова «Зорлық – зомбылықсыз және қатыгездіксіз

балалық шақ» тақырыбында ЖПҚ ЮПТ инспекторларымен дөңгелек үстел өткізілді. Мектеп психологі оқушылар арасында бопсалаушылық, тонау жолдарын болдырмау мақсатында мектеп психологі 8-11 сыныптар оқушылар арасынан сауалнамалар алынып, қорытындысы жасалынды.

Қараша айында мектеп мейірбикесі А.Байтемирова «Есірткісіз болашақ» тақырыпта ауыл ауруханасының бас дәрігері Б.Баранкуловпен кездесіп темекі мен нашаның зияны туралы пікір алмасып, баяндамалар оқылып, видео көріністер көрсетілді. Мектеп психологы тәртібі қиын оқушылармен әңгіме жүргізіп, сауалнамалар алды. Оқушылардың ата-аналарымен кездесулер өткізілді.

Желтоқсан айында оқушылар ұйымы ұйымдастыруымен 1 желтоқсан Президент күніне «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы!» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді.

Рухани-танымдық тәрбие

Мақсаты: Адамның рухани, моральдық-этикалық қағидаттарын, оның адамгершілік құндылықтарына және қазақстандық қоғамның әдет-ғұрыптарына сәйкес келетін рухани-адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын жандандыру туралы «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздерін терең түсінуді қалыптастыру.

Алғашқы күні «Тіл-ұлттар ұйтқысы» деген атпен Гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестігінің ұйымдастыруымен үш тілде құттықтауымен апталықтың ашылу салтанатты жиынын өткізді. Қаламы жүйрік дарынды балалар арасында «Тіл тұтастығы-ел тұтастығы» атты өзекті тақырыптарда шығармалар байқауы ұйымдастырылды. Қазақ тілінің мұғалімі М.Чеканованың ұйымдастыруымен «Ұлттық тіл-мәдениеттің негізі және іргетасы» атты тақырыпта мақала байқауы өткізілді. Тілдер пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Тіл достықтың терең тамыры» тақырыбында үш тілде көркем сөз оқу сайысы өткізілді. Кітапханашы Н.Ибраймованың ұйымдастыруымен «Тіл аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз» атты тақырыпта кітап көрмесін өткізсе, бастауыш сынып мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Мәнерлеп оқу», «Тілашар» сияқты іс-шаралар өткізді. «Мемлекеттік тіл менің тілім» тақырыбында барлық сыныпта сынып сағаттары өткізіліп, Гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен осы онкүндіктің оқушылардың ұлтжандылық қасиеттерін дамытуда берері көп болды.

Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, туған және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, этносына және Қазақстан Республикасындағы этникалық топтарға құрмет көрсету.

«Ұланымыз ұлы елдің» атты тақырыпта «Жас қыран», «Жас ұлан» ұйымына оқушыларды қабылдау қорытынды кеш өтті. АКТ залында кітапханашының ұйымдастыруымен «Елбасына» арналған бұрыш ұйымдастырылды. Президент күні, Тәуелсіздік күніне ашық тәрбие сағаттары.

Отбасылық тәрбие

Мақсаты: Ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық - педагогикалық біліктілігін көтеру және балаларды тәрбиелеу бойынша жауапкершіліктерін арттыру.

Мақсаты – отбасы құндылықтарын насихаттау, ата-аналарды отбасылық ағартуды жандандыру, отбасы мен мектептің өзара іс-қимыл механизмдерін жасау. Тақырыптық апталық ата-аналарды, балаларды, педагогтарды келесі іс-шараларда біріктіреді: конференциялар, дөңгелек үстелдер, тренингтер, дебаттар, сынып сағаттары және ата-аналар жиналыстары, флэш-мобтар, турнирлер мен спорттық жарыстар, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған қайырымдылық акциялар және тағы да басқалар. Өмірлік қиын жағдайдағы балаларға ерекше көңіл бөлінеді. Тақырыптық аптаның жұмысына заңгерлер, ювеналдық полиция инспекторлары,

психологтар, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысады. «Отбасы – бақыт мекені» республикалық апталық негізінде ата-аналар мен оқушылар түсіндірме жұмыстары, оқушылармен сынып сағаттары жүргізілді.

Ата-аналармен «Бала мінезіндегі қайшылықтардың пайда болу себептері және шешу жолдары», «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі» дөңгелек үстел, «Сіз бала тағдырына жауапты бірінші тұлғасыз?» тренинг, «Жанұяда балаларға зорлық - зомбылық болмасын!» дөңгелек үстел өткізілді.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Кәсіби өзін - өзі анықтауға, адамның экономикалық ой - өрісін және экологиялық мәдениетін дамытуға деген саналы қатынасты қалыптастыру.

«Өртке қарсы қауіпсіздік шаралары», «Жұқпалы және қауіпті аурулардан сақтан!» алдын алу кеңестері, «Арайлы алты күз» мектеп ішілік кеш ұйымдастырылды. «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» тақырыбында 1-4 сыныптар арасында сурет байқауы өткізілді.

Мектеп мейірбикесі А.Байтемирова «Жұқпалы және қауіпті аурулардан сақтан!» тақырыбында мектеп оқушыларымен түсіндірме жұмыстар жүргізілді.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның тәрбиеге дайындығын дамыту, меңгеру, өнердегі эстетикалық нысандардың бағасы, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті ортаны құру.

Мектеп оқушыларының арасында Қазан айында қарттарға құрмет ретінде айлық жүргізілді. Айлық барысында оқушылар ұйымы қарт аталар мен апаларға көмек көрсетті, барлық сыныпта сынып сағаттары өткізілді. «Қарты бар үй қазына» атты тақырыпта сынып жетекшілер, оқушылар арасында дөңгелек стол кітапханада жүргізілді. Қазан айында 10 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен ұстаздарға арналған «Ұстаз ұлы тұлға» тақырыбында мерекелік кеш, концерттік бағдарлама түрінде өткізілді және оқушылар ұйымының ұйымдастыруымен жоғарғы сыныптың оқушылары әр сыныпта сабақ жүргізді.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Мақсаты: Әр адамның интеллектуалды мүмкіндіктерін, көшбасшылық қабілеті мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетінің дамуын қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Тәрбиелік мазмұны бар үйірме, факультатив сабақтарының жүргізілуі қадағаланды. Діни экстремизмді түсіндіру мақсатында мұғалімдер және оқушыларға лекциялар, әңгімелер жүргізілді. «Діни экстремизмге» байланысты сайттарға кірген оқушылар анықталған жоқ. Қазан айында жіберілген тізімді саралау кезінде мектеп оқушылары тіркелмегені анықталды.

Осы бағытта оқушылармен ата-аналармен түсіндірме жұмысы жүргізіліп, іс- шаралар өткізілді.

Қараша айында мектеп психологі Айжан Касымова, ДТІЖ орынбасары А.Сүндетбаева әлеуметтік педагог Балқия Амирбаева «Біз – өмірді қолдаймыз!» тақырыбында акция өткізілді.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру.

Қыркүйек айында денсаулық күніне «Дені сау ұрпақ», әр тоқсан сайын «Қызықты каникул күндері» спорттық сайыс өткізіледі.

Жыл сайын мектебімізде ЖҚТБ-ға қарсы күрес байланысты мектеп мейірбикесі Айнұр Байтемирова ішімдіктің, темекімен нашаның зияны туралы және СПИД ауруы туралы пікір алмасып, баяндамалар оқылып, видео көріністер көрсетілді.

Сынып жетекшілердің тынымсыз ізденісінің арқасында мектеп оқушылары аудан, облыс көлеміндегі сайыстарына қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүр.

Мектеп кітапханасында «Құрметтейік кітапты»атты акция ұйымдастырылды.Акцияға мектеп оқушылары толық қатысты.

«Мұқағали-мәңгілік ғұмыр»тақырыбында музыкалық кеш 1-10 сыныптар аралығында өткізілді.
Наурыз айы бойынша:

«Ана- өмірдің гүлі» 8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай мектепшілік мерекелік концерт ұйымдастырылды.

1-11 сыныптар аралығында «Наурыз-думан» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылып, мектеп оқушылары класс рум, зум, ватсап желілері арқылы іс –шара өткізілді.

Сәуір айы бойынша:

«Бабалар рухына тағзым»атты акция ұйымдастырылып, сынып жетекшілер мектеп оқушыларына слайд, презентация көрсетіп,ватсап желісі арқылы өткізілді.

«Аяласаң, табиғатты аяла»тақырыбында 1-10 сыныптар аралығында онлайн ватсап желісі арқылы шығарма байқауы өткізілді.

«Діни ағымдар және олардың теріс әрекеттерінен оқушыларды сақтау жолдары» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылып, 5-11 сыныптар Зум арқылы қатысты.

Мамыр айы бойынша:

7 мамыр Жеңіс күніне орай «Адал ұл ер болып туса, ел тірегі»тақырыбында 1-11 сыныптар аралығында ватсап,зум ,класс румда онлайн іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара жоспарға сай өткізілді.

Жеңістің 75 жылдығына орай «Ерлік жырын жырлаймыз»атты онлайн іс-шара ұйымдастырылып,сынып жетекшілер ватсап,класс рум арқылы сынып сағаттарын өткізді.

25мамыр «Сыңғырла соңғы қоңырау»атты іс-шара жоспарланып,сынып жетекшілер ватсап,зум арқылы сынып сағаты өткізді. Іс-шараға оқушылар толық қатысты.

Маусым айы бойынша:

1-маусым балалар күніне орай «Бала балауса балалық шақ» атты МАД тобымен 5- сынып оқушыларының арасында онлайн іс –шара өткізілді.

«Қош бол алтын ұя мектебім» атты тақырыпта мектеп бітіру кеші өз мәнінде өтті.

Осы аталған іс-шараларға оқушылар ұйымының мүшелері өз үлестерін қосып келеді.

Мектеп ісі нәтижелі мақсатқа құрылған тәртіппен жұмыс атқарғанда ұлтжанды, іскер, жігерлі тұлға қалыптасады. Ендеше біздің ұжымдағы ұстаз қауымының үздіксіз білім мен тәрбие берудегі шығармашылық табысқа жетудегі алар биіктері мол болмақ.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

А.Қ.Сүндетбаева